


CHEMISTRY



ҚОСТІЛДІ ОҚУЛЫҚ



9



АСТАНА

К И Т А П



Канат Байкенов
Темирлан Хасен
Нұрболат Жұмағұлов
Даурен Калиев
Олжас Юсупов
Абылай Саматов
Абдуррахман Сел
Али Тор

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

CHEMISTRY

Grade 9

БІРІНШІ БАСЫЛЫМ

АСТАНА

Астана 2018

UDC 373.167.1
LBC 24 я 72
Ch 51

К. Байкенов
CHEMISTRY, Grade 9: Қостілді оқулық / Канат Байкенов, Темирлан Хасен,
Ch 51 Нұрболат Жұмағұлов, Даурен Калиев, Олжас Юсупов, Абылай Саматов,
Абдуррахман Сел, Али Тор
– Алматы: Астана-кітап, 176 б. - 2018
ISBN 978-601-7415-76-1

UDC 373.167.1
LBC 24 я 72

ISBN 978-601-7415-76-1

© Астана-кітап, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары
«Астана-кітап» баспасына тиесілі

PREFACE

Жаратылыстану ғылымдары қызықты, әрі тартымды пәндер. Бұл оқулық сізге ғылым әлемінің барша сұлулығы мен жасырын құпияларын паш етуге және сіздің шынайы зерттеушілік қабілетіңіздің ашылуына жол сілтейді. Оқулықтың басты мақсаты «Ғылым не үшін қажет және алған білімді өміріміздің қай саласында қолданамыз?» деген тәрізді күрделі сұрақтарға жауап іздейді.

Оқулықтың алғашқы беттерінен-ақ сіз өзіңізге үйреншікті болған теория мен түрлі формулаларды қамтитын қарапайым мәтіндерден құралған басқа оқулықтардан өзгеше екендігін аңғара түсесіз. Әрбір тарау берілген тақырыптардың аясын қамтитын қызықты деректер мен ақпараттардан, жеке және топтық ұжымда орындауға арналған тапсырмалар жинағынан тұрады. Сондай-ақ, сіз түрлі тәжірибелік жұмыстар мен зерттеулерді жасауға, түрлі ақпараттар мен деректерді іздеп тауып, оларға сараптама жасау арқылы өзіндік дербес жаңалықтарыңызды ашуға машықтанасыз.

Берілген оқулықтың басқалардан ерекшелігі – оның көптілділігінде. Алғашқы беттерден-ақ, сіз материалдардың ана тілінен бөлек, халықаралық ғылым тілі – ағылшын тілінде берілгенін байқайсыз. Оқулықтың әрбір шебінен сіз негізгі терминдердің

аудармаларын үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде таба аласыз. Біртіндеп ағылшын тіліндегі сөздер мен сөйлемдер саны артып, оқулықтың соңғы жағындағы материалдардың басым бөлігі ағылшын тілінде берілетін болады. Бұл арқылы сіз ағылшын

тіліңізді жетілдіріп қана қоймай, ғылым әлеміндегі шексіз жаңалықтар мен жетістіктерге қарай қадам басасыз.

Оқулықтың құрылымымен мұқият түрде танысыңыз. Қазіргі таңдағы оқулықтар жалғыз ақпарат көзі болып табылмайтындығын есте сақтаңыз.

Сізге ХХІ ғасырдың дағдыларын, яғни сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық қабілетті дамыту, қиялдау, топпен жұмыс жасау, сандық сауаттылық, және т.б. қабілеттеріңізді дамытуға бағытталған кең көлемдегі тапсырмаларға бейімделіп, үйренуге тура келеді.

Егер Сізде оқулықтың мазмұны мен құрылымы бойынша кез келген сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз бар болса, төмендегі байланыс құралдары арқылы бізге жолдауларыңызды сұраймыз:

via email: admin@astanakitap.kz

via telegram app: [@astanakitap](https://www.instagram.com/astanakitap)

Құрметпен,

“Астана-кітап” авторлық ұжымы

Contents

Preface

Chapter 1. Electrolytic dissociation

- [1. Electrolytes and nonelectrolytes](#)
- [2. Dissociation of acids, bases and salts](#)
- [3. The degree of dissociation. Strong and weak electrolytes](#)
- [4. Ionic double displacement reactions](#)
- [5. Chemical properties of acids, bases and salts](#)
- [6. Hydrolysis of salts](#)

Chapter 2. Qualitative analysis of inorganic compounds

- [1. Qualitative reactions for cations](#)
- [2. Qualitative reactions for anions](#)
- [3. Qualitative analysis of unknown salt solution](#)
- [4. Chemical calculations on limiting reagent problems](#)

Chapter 3. Qualitative analysis of inorganic compounds

[1. Qualitative reactions for cations](#)

[2. Temperature and concentration effects](#)

[3. Pressure effects. Catalysts and inhibitors](#)

Chapter 4. Chemical equilibrium

[1. Chemical equilibrium](#)

[2. Factors affecting equilibrium](#)

Chapter 5. Oxidation-reduction reactions

[1. Oxidation states. Oxidation and reduction processes](#)

[2. Oxidation-reduction reactions](#)

[3. Balancing redox reactions](#)

Chapter 6. Metals and metal alloys

[1. General properties of metals](#)

[2. Metal alloys](#)

[3. Production of metals](#)

[4. Solving exercises with impurities](#)

Chapter 7. 1,2,13 group elements and their compounds

- [1. Alkali metals and their compounds](#)
- [2. Alkaline earth metals and their compounds](#)
- [3. Aluminum and its compounds](#)
- [4. Solving experimental problems related to metals](#)

Chapter 8. 16,17 group elements, their compounds

- [1. Halogens](#)
- [2. Hydrochloric acid](#)
- [3. Sulfur](#)
- [4. Compounds of sulfur](#)
- [5. Sulfuric acid and sulfates](#)
- [6. Solving problems: Percent yield](#)

Chapter 9. Elements and compounds of 14 and 15 groups

- [1. Nitrogen](#)
- [2. Ammonia](#)
- [3. Nitric acid](#)
- [4. Specific properties of nitric acid and nitrates](#)
- [5. Phosphorus and its compounds](#)
- [6. Fertilizers](#)

[7. Silicon and its compounds](#)

[8. Silicates. Silicate industry](#)

Chapter 10. Macro- and micro elements in human body and environment

[1. The chemical composition of the human body](#)

[2. Important nutrition in your food](#)

[3. Heavy metals](#)

Chapter 11. Introduction to Organic Chemistry

[1. Introduction to organic chemistry. Classification of organic compounds](#)

[2. Homologous series of organic compounds](#)

[3. Isomerism](#)

[4. Chemical calculation: Determining formulas](#)

Chapter 12. Hydrocarbons. Fuels

[1. Alkanes](#)

[2. Alkenes](#)

[3. Alkynes](#)

[4. Aromatic hydrocarbons](#)

[5. Hydrocarbon fuels. Oil industry](#)

Chapter 13. Oxygen and Nitrogen containing organic compounds

[1. Alcohols](#)

[2. Carboxylic acids](#)

[3. Esters and fats](#)

[4. Aminoacids. Proteins](#)

[5. Soap and synthetic detergents](#)

[6. Carbohydrates](#)

[Answers](#)

Solubility table

Periodic Table

[Glossary](#)

[References](#)

CHAPTER 1: ELECTROLYTIC DISSOCIATION


1.1 ELECTROLYTES AND NONELECTROLYTES

How does a human body conduct an electric current?


You will:

- электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру;
- электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу;
- иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру.

Күнделікті тұрмыста сулы ерітіндісі бар заттардың кейбіреуі электр тогын өткізеді, ал кейбіреуі өткізбейді. Электр тогын өткізетін заттар электролиттер деп, ал керісінше, электр тогын өткізбейтін заттар бейэлектролиттер деп аталады. Ерітіндінің электр тогын өткізуі суда еріген заттың табиғатына байланысты. Ерітіндіде ыдыраған иондар саны көп болса ерітінді электр тогын жақсы өткізеді.



Sucrose solution



Hydrochloric acid solution

Машина аккумуляторы қалай жұмыс істейді?




Автомобиль аккумуляторы машинаның жарығын, электр жүйелерін, құрылғыларын токпен қамтамасыз ететін құрылғы болып табылады. Аккумулятордың негізгі бөліктеріне күкірт қышқылы (H_2SO_4) ерітіндісі мен қорғасын (Pb) пластинкасы жатады. Күкірт қышқылы күшті қышқыл, әрі электр тогын өте жақсы өткізеді.




Car battery

Сванте Аррениус электролиттердің қасиетін түсіндіретін электролиттік диссоциация теориясының негізін салды (1897 ж). Аррениустың қағидасы бойынша:

1. Электролит молекулалары (қышқылдар, негіздер, тұздар) оң-теріс зарядты иондарға диссоциацияланады:



2. Электродит (балқыған бейорганикалық қосылыстар) ыдыраған иондар есебінен электр тогын өткізеді. Бұл механизм электродиттік диссоциация деп аталады. Диссоциация процесі қайтымды болып табылады.



Human blood plasma ion composition

Keep in mind:

Электродиссоциация - электролиттердің суда ерігенде немесе балқығанда ионға ыдырау үрдісі.

Электродиссоциацияның судағы ерітінділері ыдыраған иондар есебінен электр тогын өткізеді.

Неэлектролиттер иондарға ыдырамайды, сол себепті электр тогын өткізбейді.

Literacy

1. Why do table salt solutions conduct electricity well, while sugar solutions do not?
2. What is the difference between tap water and distilled water? Which of these two solutions conducts electricity? Why?
3. Which of the followings are electrolytes?

Solutions	Electrolyte / Nonelectrolyte
Vinegar	
Hydrogen	
Tap water	
Sodium chloride	
Alcohol	
Sulfuric acid	

Demonstration

№ 1. Иондық және коваленттік байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялануы.

Құрал-жабдықтар:

стақан 250 мл (4), 6 вольтты шам, болат сымды электродтар (2), крокодил қысқышы (2), батарея (12 вольт), сірке қышқылының ерітіндісі, мыс (II) сульфатының ерітіндісі, қант ерітіндісі, дистилденген су.

Орындау тәртібі:



- 1) 250 мл-лік 4 стақанға дистилденген су, мыс сульфаты, сірке қышқылы және қант ерітінділерін құйыңыз.
- 2) Жабдықтар тізбегін суретте көрсетілгендей етіп орналастырыңыз.
- 3) Қуат көзін қолдану үшін 6 вольтты батареяға қосыңыз. Шамның жанып немесе жанбауын қадағалаңыз. Байқауларыңызды жазыңыз.
- 4) Электродтарды мыс сульфаты, сірке қышқылы, қант ерітінділеріне салып, экспериментті қайталаңыз.

Ерітінділердің электр өткізгіштігі бойынша байқауларыңызды төменде жазыңыз:

Observation & questions:

	Distilled water	CuSO ₄ solution	Acetic acid solution	Sugar solution
BULB (on/off)				

Wear disposable gloves. Avoid skin contact. Wash hands after use.



Terminology

- solute - еріген зат / растворенное вещество;
- solution - ерітінді / раствор;
- solvent - еріткіш / растворитель;
- conductivity - өткізгіштік / проводимость;
- electric current - ток күші / электрический ток;
- vinegar - сірке суы / уксус;
- observation - бақылау / наблюдение;
- electrolyte - электролит;
- dissociation - диссоциация.

Facts

Швед химигі С.Аррениус 1903 жылы ерітінділер бойынша зерттеуі үшін Нобель сыйлығына ие болды. Ол ерітінділердің неліктен электр тогын өткізетінін,

ерітіндідегі күшті және әлсіз электролиттердің иондық механизмін түсіндірді. Оның теориясы бойынша электролиттер оң және теріс иондарға ыдырайды.

1.2 DISSOCIATION OF ACIDS, BASES, AND SALTS.

What would happen if we replace citric acid in a lemon with a base or salt?

You will:

- ерітіндінің қышқылдығы мен сілтілігін ажырату;
- электролиттік диссоциация теориясы тұрғысынан қышқылдар, негіздер және тұздарға анықтамалар беру;
- қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру.

Қышқылдар


Қышқылдар сулы ерітіндіде H_3O^+ (немесе H^+) ионын түзеді. Мысалы, төменде азот қышқылының диссоциациялануы көрсетілген:



Қысқартылған иондық теңдеуі:



Көпнегізді қышқылдардың диссоциациялануы (құрамында бірнеше сутек (H⁺) ионы бар қышқылдар) сатылап жүреді. Мысалы, күкірт қышқылының диссоциациялануы екі сатыда орын алады:




Теңдеулерлердің қосындысы:




Осылайша, күкірт қышқылы да көпнегізді қышқылдар сияқты қышқыл және орта тұз түзе алады. Сонымен, барлық қышқылдар үшін ортақ элемент - бұл қышқылдардың жалпы қасиеттерін көрсететін сутегі ионы. Сондықтан электролиттік диссоциациялауға байланысты қышқылға берілуі мүмкін анықтама:

Қышқылдар - су ерітіндісінде H⁺ иондарын түзетін заттар.




Негіздер

Негіздердің суда диссоциациялануы кезінде гидроксид OH^- иондары түзіледі. Біз негіздердің диссоциациясын төмендегідей жаза аламыз:



Теңдеулерлердің қосындысы:



Аммиак молекуласы NH_3 құрамында гидроксид OH^- ионы кездеспейді. Бірақ, ол да су молекуласы сияқты H^+ (протон) ионын төменде көрсетілгендей қабылдайды:




Бұл иондық реакцияда су молекуласы протондарды бөледі, аммиак протондарды өзіне қосып алып, нәтижесінде OH^- иондары түзіледі.

Көріп отырғанымыздай, H_2O молекуласы сутек ионын қабылдай да, бере де алады. Бұл қасиетіне орай су H_2O қышқыл да, негіз де болып әрекет ете алады.




Қысқартылған иондық теңдеуі:



H^+ және OH^- иондары бірдей мөлшерде түзілетіндіктен су қышқыл-дық та, негіздік те қасиет көрсетпей, бейтарап ортаны көрсетеді.

Тұздар

Барлық тұздар төмендегідей иондарға диссоциацияланады:



Сулы ерітіндісінде катион мен аниондарға диссоциацияланатын тұздарды орта тұздарға жатқызамыз.

Laboratory work

№1. Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН ортасын анықтау

Қышқылдар мен негіздердің рН ортасы заттардың аз мөлшерін дистилденген суда еруі арқылы және әмбебап индикатор ерітіндісінің бірнеше тамшысын (немесе қағазын) қосу арқылы табуға болады. Шыққан түс рН шкаласымен салыстырылады.

Құралдар-жабдықтар:

әмбебап индикатор (қағазы немесе ерітіндісі), қышқыл ерітінділері (CH₃COOH, HCl), сілті ерітінділері (NaOH, NH₃·H₂O), дистилденген су, сынауықтар.

Орындау тәртібі:

1. Сынауықтарға NaOH және аммиак ерітінділерін құйыңыз.
2. Басқа сынауықтарға тұз қышқылы және сірке қышқылы ерітінділерін құйыңыз.

3. Сынауықтардың әрқайсысына әмбебап индикаторының 2-3 тамшысын қосыңыз. Кестеге индикатор боялған түстерді жазыңыз. Түстерді 19-беттегі рН шкаласымен салыстырыңыз.

4. Нәтижелерді кестеге енгізіңіз.

Қауіпсіздік: Көзді қорғайтын көзілдірік киіңіз. Қышқыл және негіздермен жұмыс жасағанда абай болыңыз. Аммиак газының өткір иісінен абайлаңыз.

Solutions	Colours with universal indicator	pH
NaOH solution		
Ammonia solution		
HCl solution		
Vinegar		

Keep in mind

Электролиттік диссоциация қайтымды үрдіс, сондықтан қайтымдылық белгісі (\rightleftharpoons) жазылады.

Facts

Citrus fruits have a sour taste because they contain acids

Keep in mind

Көп тараған қышқылдар

Формуласы	Атауы
HCl	Тұз қышқылы
HNO ₃	Азот қышқылы
H ₂ S	Күкіртсутек қышқылы
H ₂ SO ₄	Күкірт қышқылы
H ₃ PO ₄	Фосфор қышқылы
CH ₃ COOH	Сірке қышқылы

Keep in mind

Негіздер – сулы ерітіндісінде OH⁻ (гидроксид) ионын түзетін заттар.

Аммоний ионының химиялық атауы оксоний ионының атауына ұқсайды.

Literacy

1. Why do some substances dissociate into ions in water?
2. Which of the following compounds produce a metal cation and hydroxide anion?
 - a) calcium hydroxide (Ca(OH)₂)

b) hydrochloric acid (HCl)

c) magnesium bromide (MgBr₂)

3. Write the dissociation processes of the following compounds:

a) sodium chloride (NaCl)

b) sulfuric acid (H₂SO₄)

c) potassium hydroxide (KOH)

d) acetic acid (CH₃COOH)

Terminology

- to donate - беру / отдавать;
- to accept - қабылдау / принимать;
- dissolution - еру / растворение;
- universal indicator - әмбебап индикаторы / универсальный индикатор;
- pH scale - рН көрсеткіш / шкала рН;
- aqueous - сулы / водный;
- polyprotic - көп негізді / многоосновной;
- hydronium ion - оксоний ионы / ион оксония;
- neutral medium - бейтарап орта / нейтральная среда;
- reversible - қайтымды / обратимый.

1.3 THE DEGREE OF DISSOCIATION. STRONG AND WEAK ELECTROLYTES

Why some acids are more corrosive than others?

You will:

- күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және олардың өзара айырмашылықтарын қарастыру, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу.

Диссоциациялану дәрежесі электролиттің күшін көрсететін шама болып табылады және грек әрпімен α (альфамен) белгіленеді. Ол иондарға ыдыраған молекулалардың санының суда еріген молекулалардың жалпы санына қатынасымен анықталады:


$$\alpha = \frac{N_i}{N_{tot}} \cdot 100 \%$$

N_i - диссоциацияланған молекулалар саны;

N_{tot} - барлық молекулалар саны.

Диссоциациялану дәрежесіне қарай электролиттер күшті, орташа және әлсіз болып жіктеледі.

Strong electrolytes strength	Electrolytes of medium strength	Weak electrolytes strength
$\alpha > 30 \%$	$3\% \leq \alpha \leq 30 \%$	$\alpha < 3 \%$
HNO_3 - 91 % HCl - 92 % NaCl - 84 % KOH - 84 % NaOH - 84 %	H_3PO_4 - 26 % HNO_2 - 6.5 %	CH_3COOH (acetic acid) - 1.3 % $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O}$ (NH_3) - 1.3 % H_2CO_3 - 0.17 % H_2S - 0.07 %




Lemon conducts electricity because it contains some ions

Электрөткізгіштігі жақсы ерітінділер күшті электролиттер болып табылады. Мысал ретінде натрий хлориді, тұз қышқылы және калий гидроксиді ерітінділерін айтуға болады. Егер ерітінділердің электрөткізгіштігі нашар болса олар әлсіз электролиттер деп аталады. Сірке қышқылы, құбыр суы және лимон шырыны әлсіз электролиттердің қатарына жатады.



Tap water is a poor conductor of electricity



Complete dissociation of solid electrolyte in a liquid.

Literacy

1. Lemon contains citric acid. Is it a strong or weak electrolyte?
2. Dissociation degree of a compound A is 70 %. Is it a strong or weak electrolyte?
3. 200 molecules were placed in the solution. Determine the degree of dissociation if dissociated 40 molecules.
4. Determine strong electrolytes from the followings, and write their dissociation reactions: H_2S , H_2SO_4 , HNO_2 , $\text{NH}_3 \cdot \text{H}_2\text{O}$.

Activity

Үй жағдайында әмбебап рН индикаторын жасау

Қызыл орамжапырақ шырыны құрамында әр түрлі ортада түсін өзгерте алатын антоцианды заттар бар. Күнделікті өмірде соларды индикатор ретінде қолдануға болады.

Құрал-жабдықтар:

қызыл орамжапырақ, қайнаған су, сүзгі қағаз, шыны ыдыстар, аммиак ерітіндісі, ас содасы ерітіндісі, лимон шырыны, сірке қышқылы ерітіндісі, химиялық стақандар.

Орындау тәртібі:


1. Химиялық стақандарға берілген ерітінділерден (қышқылдық, негіздік) құйыңыз.
2. Қызыл орамжапырақты майдалап кесіңіз.
3. Кесінділерді үлкен шыны ыдысқа салып, үстіне қайнаған су құйып араластырыңыз. 10 минуттай күтіңіз.
4. Дайындалған ерітіндіні сүзгі қағазбен сүзіңіз (ерітінді түсі күлгін-көк түс болуы керек).
5. Дайындалған индикатор ерітіндісінен әр стақанға шамамен 50-100 мл-ден құйып, түстерінің өзгеруін бақылаңыз.



Red cabbage

Facts

Acids which are used in daily life are mainly weak.



Cuisine	Medicine
Acetic acid (vinegar)	Acetylsalicylic acid (aspirin)
Citric acid	Boric acid
Malic acid	Ascorbic acid (vitamin C)


Keep in mind

Күшті электролиттер электр тогын жақсы өткізеді.

Әлсіз электролиттер электр тогын нашар өткізеді.

Solving problems

1. What mass of iron (III) oxide is produced when 8 g of iron metal reacts completely with oxygen gas?
2. What volume of hydrogen gas is produced when 14 g of zinc metal reacts with sulfuric acid solution?
3. If 62 g of phosphorus are burnt, what mass of P₂O₅ is produced?
4. If 24 g of carbon are burnt, what mass of CO₂ is produced?
5. Calculate the mole number of zinc sulfate formed when 250 ml of 0.2 M sulfuric acid is added to zinc carbonate.
6. Calculate the volume of CO₂ gas which is produced by burning 5 L of methane CH₄ in excess oxygen.



Terminology

- degree - дәреже / степень;
- citric acid - лимон қышқылы / лимонная кислота;
- malic acid - алма қышқылы / яблочная кислота;
- tap water - кұбыр суы / водопроводная вода;
- determine - анықтау / определять;
- red cabbage - қызыл орамжапырақ / краснокочанная капуста.

1.4 IONIC DOUBLE DISPLACEMENT REACTIONS

Why do gas bubbles form when you mix baking soda with vinegar?


You will:

- ион алмасу реакцияларының орындалу шарттарын білу;
- ион алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде жазу;


1. Тұнба түзіле жүретін реакциялар

Суда еритін ионды қосылыстардың су ерітінділері араласқан кезде, ерітінділердің иондары арасында реакция болуы мүмкін. Нәтижесінде, өнімдердің біреуі суда ерімейтін қосылыс - тұнба түзеді.


Қорғасын (II) нитраты $Pb(NO_3)_2$ мен калий иодиді KI арасындағы реакцияны қарастырайық. Реакция өнімдері ретінде KNO_3 және PbI_2 түзіледі. Ерігіштік кестесіне сәйкес, калий нитраты суда ериді, бірақ қорғасын (II) иодиді ерімейді. Сондықтан, ерімейтін қорғасын (II) иодиді кристалдары ыдыстың түбінде сары тұнба ретінде шөгеді:




Енді тұнбаның пайда болуы үшін қандай иондардың қатысқанын қарастырайық. Оны анықтау үшін алдымен барлық еритін тұздарды иондарға бөліп жазамыз:



Сосын, теңдеудің екі жағында да кездесетін бірдей иондарды қысқартамыз:



Нәтижесінде, қысқартылмай қалған иондар тұнба түзуге қатысқан иондар екендігін аңғарамыз:




Бұл қысқартылған иондық теңдеу бізге Pb^{2+} және I^- иондарының бір ерітіндіде ион күйінде бола алмайтындығын көрсетеді.



Formation of $\text{Cu}(\text{OH})_2$ precipitate

2. Газ бөліне жүретін реакциялар


Күкірт қышқылы ерітіндісіне натрий карбонаты ерітіндісін қосып көрейік:




Нәтижесінде, натрий сульфаты Na_2SO_4 мен көмір қышқылы H_2CO_3 түзіледі. Бірақ, көмір қышқылы H_2CO_3 өте әлсіз қышқыл болғандықтан, көмірқышқыл газы CO_2 мен суға H_2O тез ыдырайды:




Реакцияның иондық теңдеуін жазып көрейік. Ол үшін барлық еритін тұздарды иондарға ыдыратамыз:



Теңдеудің екі жағындағы бірдей иондарды қысқартамыз:



Қысқартылған иондық теңдеу мына түрге келеді:






Gas evolution




Baking soda and vinegar

3. Су немесе басқа әлсіз электролиттер түзіле жүретін реакциялар


Натрий гидроксиді ерітіндісі мен тұз қышқылы ерітінділерін араластырып көрейік:




Реакция нәтижесінде натрий хлориді мен су түзіледі. Реакцияның иондық теңдеуін жазсақ (барлық еритін тұздарды иондарға ыдыратамыз):



Теңдеудің екі жағындағы бірдей иондарды қысқартамыз:



Қысқартылған иондық теңдеу:



Practice work

№1. Ион алмасу реакциялары

Құрал-жабдықтар:

темір (III) хлориді FeCl_3 ерітіндісі, натрий гидроксиді NaOH ерітіндісі, тұз қышқылы HCl ерітіндісі, натрий карбонаты

Na_2CO_3 ерітіндісі, әмбебап индикатор ерітіндісі (не қағазы), сынауықтар.

Орындау тәртібі:

1. Темір (III) хлориді ерітіндісі мен натрий гидроксиді NaOH ерітіндісін араластыру арқылы тұнба алыңыз.
2. Натрий карбонаты Na_2CO_3 ерітіндісі мен тұз қышқылы HCl ерітіндісін араластырып газдың пайда болғанына назар аударыңыз.
3. Натрий гидроксиді NaOH ерітіндісі мен тұз қышқылы HCl ерітіндісін араластырып, индикатормен бейтарап орта пайда болғанына көз жеткізіңіз.

Қауіпсіздік: Көзді қорғайтын көзілдірік киіңіз. Қышқыл және негіздермен абай болыңыз.

Keep in mind

Қысқартылған иондық теңдеу - нақты реакцияға қатысушы иондарды қамтитын теңдеу.

Keep in mind

Су өте әлсіз электролит болып табылады, себебі, су молекуласының иондарға ыдырауы өте аз шамада болады.

Terminology

- double displacement - алмасу реакциясы / реакция обмена;
- neutralization - бейтараптану / нейтрализация;
- precipitate - тұнба / осадок;
- soluble - еритін / растворимый;
- insoluble - ерімейтін / нерастворимый;
- net ionic equation - қысқартылған иондық теңдеу / сокращенное ионное уравнение;
- reactant - реагент / реагент;
- solubility table - ерігіштік кестесі / таблица растворимости.

1.5 CHEMICAL PROPERTIES OF ACIDS, BASES, SALTS IN TERMS OF THE ELECTROLYTIC DISSOCIATION THEORY

Why sodium hydroxide NaOH is so effective as a drain cleaner?

You will:




- қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру.

Қышқылдардың химиялық қасиеттері

а. Қышқылдар белсенді металдармен реакцияға түсіп, тұз және сутек газын түзеді:






Мысалы:




б. Қышқылдар негіздік оксидтермен әрекеттесіп тұз және су түзеді:






Мысалы:




с. Қышқылдар негіздермен әрекеттесіп тұз және су түзеді. Бұл реакция бейтараптану реакциясы деп аталады:






Мысалы:



d. Қышқылдар карбонаттармен әрекеттескенде тұз, көмірқышқыл газын және су түзеді:



Мысалы:






Concentrated solution of hydrochloric acid



Formation of CO₂ gas in soda drinks





Негіздердің химиялық қасиеттері

Негіздер қышқылдық оксидтермен реакцияласып, тұз және су түзеді:



Тұздардың химиялық қасиеттері

Тұз ерітінділері металдармен реакцияға түседі. Бұл реакцияның өнімдері жаңа тұз бен жаңа металл болып табылады:





Result of the reaction between Zn
with lead (II) nitrate

Activity

5 минут ішінде қанша химиялық реакция жаза аласыз?

Ойынды ойнау үшін 2 не 3 топқа бөліну керек.

1. Топпен қатар жасаңыз. Топтар бір-біріне параллель болуы керек.
2. Топтың бірінші мүшесі сабақта өткен реакциялардың бірін алып тақтаға мысал келтіреді.
3. Содан кейін ол топтық қатардың соңына шығады.
4. Келесі оқушылар осы әрекеттерді қайталау керек.
5. Сіздерде тек 5 минут бар. Реакцияларды тексеріп, ұпайларды санаңыз.
6. Әрбір дұрыс мысал үшін 1 ұпай беріңіз. Жоғары ұпай жинаған топ жеңімпаз болады.



Facts

Fizzy drinks contain carbonic acid. It is unstable compound. The bubbles of carbon dioxide are formed in the drink due to this acid.




Literacy

1. Finish and balance the following equations:





2. Identify which of the following reactions produce salt and release gas. Write the products and the net ionic equations.



Terminology

- to displace - орынбасу / заменить;
- fizzy drink - газды сулар / газировки;
- bubbles - көпіршіктер / пузыри;
- to release - бөліп шығару / выделять.

1.6 HYDROLYSIS OF SALTS

Does pH of soil affects the colour of flowers?


You will:

- pH мәндеріндегі айырмашылықты анықтау;
- орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау.

Тұздар суда еріген кезде катиондар мен аниондарға диссоциацияланады. Осы иондардың кейбірі сумен әрекеттесіп, судың бейтарап ортасын өзгертіп, гидролизденеді. Тұздар гидролизі - тұздардың сумен әрекеттесіп, нәтижесінде әлсіз электролит түзетін алмасу реакциясы. Бірақ, барлық иондар гидролиз реакцияларына түсе алмайды.



- Күшті негіздердің катиондары (Li^+ , Na^+ , K^+ , Ca^{2+} , Ba^{2+}) және
 - күшті қышқылдардың аниондары (SO_4^{2-} , Cl^- , Br^- , I^- , NO_3^-) сумен әрекеттеспейді (бейтарап орта).
 - Әлсіз негіздердің катиондары (NH_4^+ , Cu^{2+} , Fe^{2+}) сумен әрекеттесіп оксоний ионын H_3O^+ түзеді (қышқылдық орта).
 - Әлсіз қышқылдардың аниондары (F^- , CH_3COO^- , CO_3^{2-} , CN^-) сумен әрекеттесіп гидроксид OH^- ионын түзеді (негіздік орта).

Енді, NaCl, Na₂CO₃ және NH₄Cl тұздары ерітінділерінің гидролиз теңдеулерін жазсақ. Натрий хлориді суда ерігенде, натрий Na⁺ мен хлорид Cl⁻ иондары бөлінеді:




Na⁺ күшті негіздің (NaOH) катионы және Cl⁻ күшті қышқылдың (HCl) анионы болып табылады. Осылайша, ешқандай ион гидролизге ұшырамайды, сол себепті натрий хлоридінің ерітіндісі бейтарап орта көрсетеді.

Калий карбонаты ерітіндісінде калий K⁺ және карбонат CO₃²⁻ иондары болады. K⁺ күшті негізден (KOH) және CO₃²⁻ ионы әлсіз қышқылдан (H₂CO₃) түзілген. Осылайша, тек карбонат иондары (CO₃²⁻) сумен әрекеттесіп, гидроксид иондарын бөледі:




Пайда болған гидроксид OH⁻ ионы калий карбонатының ерітіндісінің негіздік қасиетін көрсетеді. Сол себепті, калий карбонатының ерітіндісі лакмус қағазын көк түске бояйды.

Аммоний хлориді ерітіндісінде аммоний NH₄⁺ және хлорид Cl⁻ иондары бар. Cl⁻ күшті қышқылдың (HCl) анионы болғандықтан, ол гидролиз реакциясына ұшырамайды. NH₄⁺ - әлсіз негіздің (NH₄OH) катионы. Сондықтан, ол оксоний ионын H₃O⁺ түзу үшін гидролизге ұшырайды:



Аммоний хлоридінің ерітіндісі әсерінен пайда болған оксоний ионы H_3O^+ қышқылдық қасиет көрсетеді. Ерітінді лакмус қағазын қызыл түске өзгертеді.



The pH value of some substances



Handmade soap



Soap gives basic medium

Laboratory work

№2. Тұздар гидролизі

Кейбір тұздар суда гидролизге ұшырауы мүмкін. Күшті қышқылдар мен күшті негіздердің аниондары мен

катиондары гидролизге ұшырамайды. Бірақ, әлсіз қышқылдар мен негіздердің аниондары мен катиондары гидролизге ұшырайды.

Құралдар-жабдықтар:

стақандар, шыны таяқша, әмбебап индикатор, натрий хлориді, натрий карбонаты, аммоний сульфаты, қорғасын (II) нитраты, натрий фосфаты.


Орындау тәртібі:

1. Тұздардың сулы ерітіндісін жеке-жеке стақандарға дайындаңыз.
2. Әрбір ерітіндіде жүретін гидролизді әмбебап индикатор көмегімен тексеріңіз.

Бақылау сұрақтары:






1. Қандай тұздар гидролизге ұшырамайды? Неліктен?
2. Гидролизге ұшыраған тұздардың қайсысы қышқылдық орта көрсетеді?
3. Тұздардың гидролиздену реакцияларын жазыңдар.

*Қауіпсіздік: Көз қорғайтын көзілдірік киіңіз.
Қорғасын қосылыстарының ерітінділері улы болып келеді,
эксперимент соңында қолыңызды мұқият жуыңыз.*



Keep in mind

Examples of molecular equations of salt hydrolysis



Facts

The flowers of a hydrangea bush are blue when grown in acid soil and pink when the soil pH is alkaline.



Flowers of hydrangea

Literacy

1. What does hydrolysis of salts mean?
2. Write hydrolysis reactions for solutions of the following salts: FeCl_3 , K_2CO_3 , Na_2S .
3. Predict whether the solutions of the following salts are acidic, basic or neutral:
 - a. CuCl_2
 - b. NaNO_3
 - c. LiCN

Terminology

- hydrolysis - гидролиз;
- pH value - рН көрсеткіш / значение рН;
- medium - орта / среда;
- soil - топырық / почва;
- hydronium - гидроксоний;
- to derive - алу / получить;
- undergo - жүру / пройти;
- to reduce - азайту / уменьшить;
- hydrangea - гортензия гүлі / цветок гортензия.

Problems: Electrolytic dissociation

1. Decide whether the following statements are true (T) or false (F).

- a. The solute in a solution is always a solid.
- b. The precipitation is the formation of gas.....
- c. Water is an example of a weak electrolyte.....
- d. Solutions are homogeneous mixtures.....
- e. An accumulator is a device in which sulfuric acid is used as an electrolyte.

2. Classify each of the following substances as a strong electrolyte, weak electrolyte or nonelectrolyte:

- a. Acetic acid solution b. Sugar solution
- c. Ammonia solution d. Sodium chloride solution
- e. Alcohol solution f. Hydrochloric acid solution
- g. Sodium hydroxide solution

3. In three different beakers, solutions of table salt, sugar, and acetic acid are given. How can you identify them without tasting?

4. Write the dissociation processes of the following compounds:

a. potassium chloride, KCl

b. nitric acid, HNO₃

c. lithium hydroxide, LiOH

d. acetic acid CH₃COOH

5. 300 molecules were placed in the solution. Determine the degree of dissociation if dissociated 75 molecules.

6. Calculate concentration of ions in 0.01 molar solution of barium hydroxide, if $\alpha=85\%$.

7. Characterize each of the following compounds

Compound	Acid, Base or Salt	Electrolyte (strong, weak, non-)	Products of dissociation
CaSO ₄		strong	
KOH	Base		

NaCl			Na ⁺ , Cl ⁻
H ₂ SO ₄			
H ₂ CO ₃			
HF			
C ₆ H ₁₂ O ₆ (glucose)			
NH ₃			
C ₂ H ₅ OH (alcohol)			

8. Predict whether the solutions of the following salts are acidic, basic, or neutral. Write all possible reactions.

a. KF b. NH₄I c. Cu(NO₃)₂ d. NH₄Br e. KI f. Na₃PO₄

9. Calculate the molar concentration of Al³⁺ and SO₄²⁻ in the solution, if the molar concentration of aluminum sulfate is 0.001 mol/L and degree of dissociation is 80 %.

10. In two different test tubes there are two solids, sodium chloride and silver chloride. How can you identify them?

11. We have 6 test tubes with magnesium chloride. Add to each test tube following solutions.

1. NaOH

2. K₂SO₄

3. Na₂CO₃

4. Zn(NO₃)₂

5. K₃PO₄

6. Na₂SO₄

Write the chemical and net ionic equations for the possible reactions.

CHAPTER 2: QUALITATIVE ANALYSIS OF INORGANIC COMPOUNDS

2.1 QUALITATIVE REACTIONS FOR CATIONS

How can we use a flame to identify the presence of metal in a compound?

You will:

- Li^+ , Na^+ , K^+ , Ca^{2+} , Sr^{2+} , Ba^{2+} , Cu^{2+} металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау;
- Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу.

Катиондарға сапалық анализ

Tested Cation	Reagent	Result
Ag ⁺	Cl ⁻ , SO ₄ ²⁻	Ақ тұнба, ақ тұнба
Cu ²⁺	OH ⁻ S ²⁻	Көк тұнба Қара тұнба
Mg ²⁺	OH ⁻	Ақ тұнба
Fe ²⁺	OH ⁻	Жасыл тұнба
Fe ³⁺	OH ⁻	Қызыл-қоңыр тұнба
Zn ²⁺	OH ⁻ S ²⁻	Ақ тұнба (артық мөлшердегі сілтіде ериді) Ақ тұнба
Pb ²⁺	S ²⁻	Қара тұнба
NH ₄ ⁺	OH ⁻	Өткір иісті аммиак газы түзіледі
Ba ²⁺	SO ₄ ²⁻ , CO ₃ ²⁻	Ақ тұнба, ақ тұнба
Al ³⁺	OH ⁻	Ақ тұнба (артық мөлшердегі сілтіде ериді)

Laboratory work

№3. Li⁺, Na⁺, K⁺, Ca²⁺, Sr²⁺, Ba²⁺, Cu²⁺ катиондарын жалынының түсі бойынша анықтау

Әртүрлі металл иондары спиртшам жалынын түрлі түске бояйды. Сондықтан, спиртшам жалыны белгісіз металл иондарын анықтауда пайдаланылады. Бұл зертханалық жұмыста түрлі металл иондарының өзіне тән түстерін байқаймыз.

Құрал-жабдықтар:

калий, литий, кальций, барий, мыс және стронций тұздары, шыны ыдыстар, 100 мл стақандар, спиртшам, сым таяқша.

Орындау тәртібі:

1. 1 М тұз ерітінділерін дайындаңыз.

2. Спиртшамды тұтатыңыз.
3. Натрийдің тұзды ерітіндісінен ылғал сыммен сынама алып, оны жалынның үстіне ұстаңыз.
4. Жалын түстерінің өзгерісін байқап, төмендегі кестені толтырыңыз.
5. Басқа металл тұздарының ерітінділеріне алдыңғы қадамдарды қайталаңыз және төмендегі кестені толықтырыңыз.
6. Сізге берілген белгісіз үлгіні жалынмен анықтап, үлгідегі металл ионын анықтаңыз.



SAFETY: Wear eye protection.



Бақылау сұрақтары:

1. Қай катиондардың жалындары ұқсас түстерге ие?
2. Бір үлгідегі әртүрлі металдарды анықтау үшін спиртшам жалынын пайдалана аламыз ба? Түсіндіріңіз.

Metallic ion	Li ⁺	Na ⁺	K ⁺	Ca ²⁺	Ba ²⁺	Sr ²⁺	Cu ²⁺
Flame colour							

Laboratory work

№4. Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} катиондарына сапалық реакциялар

Металл гидроксидтерінің суда ерігіштігі әртүрлі. Мысалы, суда еритін ауыспалы металл тұздары сілті ерітінділерімен түсті тұнбалар береді. Аналитикалық химияда металл гидроксидтерінің түстері арқылы белгісіз металдарды сапалық анықтау әдісі кеңінен қолданылады.

Құрал-жабдықтар:

сынауықтар, тамшуыр, темір (III) хлориді, темір (II) сульфаты, мыс (II) хлориді / сульфаты, калий, натрий гидроксиді 1 М ерітінділері.

Орындалу тәртібі:

1. 3 сынауыққа әрқайсысына 10 мл-ден темір (III) хлориді, темір (II) сульфаты, мыс (II) хлориді / сульфаты ерітінділерін құйыңыз.
2. Әрбір сынауыққа тамшуырмен сілтінің 7-10 тамшысын қосыңыз.
3. Шыққан нәтижелерді (тұнба түстерін) кестеге жазыңыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Жүрген реакциялардың молекулалық, иондық теңдеулерін жазыңыз.
2. Құрамында Cu^{2+} және Fe^{2+} бар қосылыстарын анықтаудың басқа жолдарын ұсыныңыз.

	Fe^{3+}	Fe^{2+}	Cu^{2+}
Base solution			

Keep in mind

Әрбір ионның өзіне тән химиялық қасиеті бар.

Keep in mind

$\text{Fe}(\text{OH})_2$ - green

$\text{Fe}(\text{OH})_3$ - reddish brown

$\text{Cu}(\text{OH})_2$ - blue

Science in context

Отшашулардың жарқырап жануы химиялық реакцияға жатады. Пиротехникалық «жұлдыздар» арқылы түрлі-түсті

отшашулар шығарылады. Түрлі түсті «жұлдыздар» бес негізгі ингредиенттен құралады:




- қызыл - Sr^{2+} ионы,
- қызғылт - Ca^{2+} ионы,
- сары - Na^{+} ионы,
- жасыл - Ba^{2+} ионы,
- көк-жасыл - Cu^{2+} ионы.



Fireworks

Literacy

1. Complete the reactions, write net ionic equations:



2. Which of the following compounds will react with iron (II) chloride? Write molecular and net ionic equations.



3. Suggest molecular equation for the following net equations:



Terminology

- qualitative - сапалық / качественный;
- several - бірнеше / несколько;
- flame - жалын / пламя;
- analysis - талдау / анализ;
- precipitate - тұнба / осадок;
- wood stick - ағаш кесінді / деревянная палочка.

2.2 QUALITATIVE REACTIONS FOR ANIONS

How can you prove a sample of mineral water contains certain anions?


You will:

- кейбір аниондар үшін сапалық реакциялар жүргізу.



Аниондарға сапалық анализ

Аниондар	Реагент	Нәтижесі
Cl^-	Ag^+ , Pb^{2+}	Ақ тұнба, қар тәрізді ақ тұнба
Br^-	Ag^+	Ашық сары тұнба
I^-	Ag^+	Сары тұнба
SO_4^{2-}	Ba^{2+}	Ақ тұнба
PO_4^{3-}	Ag^+	Сары тұнба
S^{2-}	Cu^{2+} , Pb^{2+} , Ag^+ Cd^{2+}	Қара тұнба Сары тұнба
CO_3^{2-}	H^+	Көмірқышқыл газының түзіліп, әк суының лайлануы
OH^-	Индикатор	Түс өзгерісі


Алдыңғы сабақтан түсінгеніңіздей, белгісіз ионды анықтау үшін оған сапалық реакция жүргізу керек. Анықтауға арналған кең тараған реакция типі - тұнба түзілу реакциялары. Кейбір аниондарға сапалық реакциялар кестеде келтірілген. Мысалы, күміс катионы хлорид анионымен ақ тұнба түзеді:




Сондай-ақ, бромид Br⁻, иодид I⁻ иондарын анықтау үшін де күміс нитраты реагент ретінде қолданылады. Реакция нәтижесінде қоймалжың сары тұнба AgBr мен сары тұнба AgI түзіледі:




Жоғарыда көрсетілген реакцияларға қосымша, фосфат PO₄³⁻ иондарын анықтау үшін күміс нитраты қолданылады. Нәтижесінде, сары тұнба түзіледі:



Барий Ba²⁺ иондары сульфат SO₄²⁻ ионын сапалық анықтауға қолданылады. Нәтижесінде, барий сульфатының BaSO₄ ақ тұнбасы пайда болады:




Алайда, иондарды сапалық анықтаудың тағы бір жолы - газ бөле жүретін реакциялар. Мысал ретінде, карбонат иондарын анықтауға қышқыл ерітіндісін қолдануға болады, реакцияның сапалық өнімі ретінде көмірқышқыл газы бөлінеді. Бөлінген газды әк суы арқылы өткізгенде ерітінді лайланады (тұнба пайда болады):





Chlorine test in blood



Determination of sulfate-ion

Keep in mind:

Химиялық реакцияларда аниондардың жеке типтік қасиеттері бар.

Facts

Barium sulfate BaSO_4 is one of the components of “Lego” constructors.



LEGO toys

Literacy

1. Given three solutions: Na_2CO_3 , KI , Na_2SO_4 . Which cations and anions should be used to indicate them.
2. Write the total and the net ionic equations for the following compounds. Water solutions of:
 - a. copper (II) sulfate and sodium hydroxide
 - b. sodium carbonate and calcium chloride
 - c. zinc hydroxide and nitric acid
3. You suspect a sample of tap water contains sulfate and iodide anions. How can you identify them?

Activity

“Алтын жаңбыр”



Калий иодиді мен қорғасын нитратының реакциясы нәтижесінде ерімейтін сары тұнба түзіледі. Бұл сапалық қасиет Pb^{2+} және I^- иондарын анықтау үшін қолданылады. Түзілген қорғасын иодиді PbI_2 ыстық суда еріп, қайта суытқанда алтын түсті қорғасын иодиді PbI_2 қайта кристалданып, түзіледі.

Орындалу тәртібі:

1. Калий иодидінің сулы ерітіндісін дайындаңыз (150 мл суға 1 г тұз).

2. Екінші стақанға қорғасын (II) нитратының ыстық ерітіндісін (150 мл суға 1 г тұз) дайындаңыз.
3. Калий иодиді ерітіндісіне ыстық қорғасын (II) нитратының 7-10 тамшысын қосыңыз. Реакциядан кейін сары тұнба пайда болады. Алынған тұнбаны сол ерітіндіден тағы қосып, шайқаңыз. Тұнба жылы суда еріп кетеді.
4. Ерітінді салқындағаннан кейін ерітілген қорғасын иодиді алтын сары түсті кристалдарды түзе отырып қайта кристалданады.

ҚАУІПСІЗДІК: Қорғасынның тұздарының ерітінділері улы болып табылады, эксперимент кезінде қолғап киіңіз. Тәжірибеден кейін қолдарыңызды жуыңыз.



Laboratory work

№5. Qualitative analysis of inorganic compounds

Carbonate test for calcium cation

Materials:

$\text{Ca}(\text{OH})_2$, Na_2CO_3 solutions, test tubes.

Procedure:

1. Pour 6-8 drops of the limewater $\text{Ca}(\text{OH})_2$ solution in a test tube.
2. Add 1-2 drops of sodium carbonate Na_2CO_3 solution. Look for a white precipitate.
3. Write chemical reactions.

Test for ammonium cation

Materials:

NaOH , $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$ solutions, test tubes.

Procedure:

1. Pour 5-6 drops of the ammonium sulfate $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$ solution in a test tube.
2. Add 1-2 drops of sodium hydroxide NaOH solution. You may notice the smell of ammonia gas. Test the ammonia gas with wet litmus indicator paper.
3. Record the results.

Terminology

- to suspect - сезіктену / подозревать;
- to behave - істеу / вести себя (поведение);
- constructor - құрастырғыш / конструктор;
- recrystallization - қайта кристалдандыру / перекристаллизация.

2.3 QUALITATIVE ANALYSIS OF UNKNOWN SALT SOLUTION

If you find unlabeled mineral, how would you identify it?

You will:

- белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру.

Бізге белгісіз құрамды бір заттың құрамын анықтау керек болсын. Осы жағдайда құрамын анықтайтын кейбір анализ түрлері қолданылады. Бұл анализ түрлері белгісіз зат құрамындағы катиондар мен аниондарды анықтайтын химиялық реакцияларға негізделеді. Әрбір катионда не анионды ғана анықтайтын реакция түрі сапалық талдау деп аталады. Тұнбаның пайда болуы немесе газдың түзілуі - белгісіз химиялық заттарды анықтаудың негізгі мысалдары болып табылады.

Бұрын айтқанымыздай, белгісіз иондарды анықтаудың көптеген жолдары бар. Бірақ, біз қолдануға болатын қарапайым мысалдарды ғана көрсетеміз. Иондарды сапалық анықтаудың жолы ретінде екі сызбаны келтірейік.



Chemical analysis conducted by a girl in lab

Keep in mind

Арнайы химиялық реакцияларды пайдаланып, қосылыс құрамындағы катионды немесе анионды анықтауға болады.

Science in context

Сапалық талдау тамақ сапасын, медицинада, топырақ құрамын, су тазалығын анықтауда және т.б. көптеген жерде қолданылады.



Water purity analysis

Practice work

№2. Белгісіз қосылысты анықтау


Құрал-жабдықтар:

250 мл стақан, дистилденген су, белгісіз зат (мұғалімнің таңдауы бойынша), сынауықтар, тамшуырлар.


Орындалу тәртібі:

1. Мұғалімнен белгісіз заттың үлгісін алыңыз.
2. Оны стақанға салып, су қосып, суда ерітіңіз.
3. Алынған ерітіндіні екі бөлікке бөліңіз.
4. Ерітіндінің бірінші бөлігі белгісіз анионды анықтау үшін қолданылады (анионды анықтау сызбасын қолданыңыз).
5. Екінші бөлігі катионға эксперимент жүргізу үшін қолданылатын болады (катионды анықтау сызбасын қолданыңыз).
6. Эксперимент нәтижесін жазып, қорытынды жасаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК: Кейбір белгісіз заттар улы не күйдіргіш болуы мүмкін. Эксперимент барысында қолғап киіңіз.



Scheme for qualitative analysis of anions



Scheme for qualitative analysis of cations

Terminology

- unlabeled - аты белгісіз / без этикеток;
- qualitative - сапалық / качественный;
- identification - сәйкестендіру / идентификация;

- confirm - растау / подтвердить;
- certain - мүмкін / определенный.

Literacy

1. What analysis types are used in medicine?
2. How can we identify calcium chloride (CaCl_2) in a solution?
3. How can you identify the composition of tap water in your home?

2.4 CHEMICAL CALCULATIONS ON LIMITING REAGENT PROBLEMS

Assume you have 5 letters to send, but you have only 3 stamps. How many messages can you post?

You will:

- әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу.

Although you have three letters, the number of stamps determines the number of letters that you can send. In this case, we have limited number of stamps and an excess number of letters. That is why the answer is one letter.



Letter stamps

Keep in mind

The mole number of a substance can be found through mass, volume or number of particles.


Example 1

Хлорсутек алу үшін 4 моль сутек газы 2 моль хлор газымен әрекеттессін.


а. Түзілген хлорсутектің зат мөлшерін есептеңіз.

б. Артық қалған реагент мөлшерін есептеңіз.

Solution:




б. Реакциядағы сутектің зат мөлшері хлорға қарағанда көп. 2 моль сутегі реакцияласып, 2 моль сутегі артық қалады.



Example 2

Кремний карбиді, SiC өнеркәсіпте қолданылады. Ол мына реакция бойынша алынады:




6 г кремний оксиді SiO₂ мен 6 г көміртек C әрекеттескенде түзілетін кремний карбидінің SiC массасын есептеңіз.

Solution.

Қай реактивтің жеткіліксіз мөлшерде екенін табайық.

Step 1. Химиялық реакцияны теңестіреміз:



Step 2. Реагенттердің зат мөлшерін табамыз:

6 г SiO₂ $n(\text{SiO}_2) = n/M = 0.1$ моль

және 6 г C $n = (6 \text{ г}) / (12 \text{ г/моль}) = 0.5$ моль

Step 3.


Реагенттердің зат мөлшерін олардың алдындағы коэффициент-теріне бөлеміз:

$(n(\text{SiO}_2))/1 = (0,1 \text{ моль})/1 = 0.1$ моль

$(n(\text{C}))/3 = (0,5 \text{ моль})/3 = 0.167$ моль

Step 4.

Шыққан екі моль сандарын салыстырып, кремний диоксидінің жеткіліксіз реагент екендігін анықтаймыз.



Step 5.

Кремний карбидінің массасын есептейміз:

$$m(\text{SiC}) = n(\text{SiC}) \cdot M_r(\text{SiC}) = 0.1 \text{ моль} \times 40 \text{ г/моль} = 4 \text{ г}$$

Keep in mind

Қосылыстардың зат мөлшері масса, көлем не бөлшектердің санымен анықталады:

Mole formulas:

$$n = \frac{m}{M} \quad n = \frac{V}{22,4}$$

$$n = \frac{N}{N_A}$$

Science in context

Күнделікті өмірде заттардың жеткіліксіздік мәселелерімен жиі жолығамыз.

Мысал ретінде сіз 20 бауырсақ пісіргіңіз келді делік, ол үшін сізге 500 г бидай + 100 мл сүт + 50 г қант + 200 мл өсімдік майы қажет.

Сұрақ: 800 г бидай, 150 мл сүт, 40 г қант және 500 мл өсімдік майы арқылы қанша дана бауырсақ пісіруге болады?



Frying of bauyrsaqs

Literacy

1. The mixture of 2 moles of H_2 and 2 moles of O_2 gases react to produce water. Which reactant is in excess and which one is limiting? What is the mass of produced water?
2. Given: $N_2(g) + 3H_2(g) \rightarrow 2NH_3(g)$.

20 L of N₂ and 15 L of H₂ gases react. Which gas is in excess?
What is the mass of excess gas?


3. Equal masses of sodium and chlorine gas react in a closed container to give 0.1 mol of sodium chloride. Which element is in excess? Calculate the mass of the element which remains.

Terminology

- limiting - жетіспейтін, шектеулі / недостаток;
- excess - артық / избыток;
- stamp - марка / марка;
- initial - бастапқы / начальный;
- to remain - өзгермеу / оставаться;
- carborundum - карборунд / карборунд;
- behind - артынан / сзади.


Problems: Qualitative analysis of inorganic compounds

1. Consider the following reaction:




- When 2.2 moles of Fe reacts with 4.5 moles of HCl, how many moles of H₂ are formed?
- What is the limiting reactant?
- For the reactant in excess, how many moles are left at the end of the reaction?

2. Consider the following reaction:



- 0.56 moles of CuCl₂ reacts with 0.64 moles of KOH. What is the mole number of produced KCl?
- Which one is the limiting reactant?
- For the reactant in excess, how many moles are left at the end of the reaction?

3. Given the following reaction (the reaction is not balanced):



a) If you start with 12.8 g of CH_4 and 64 g of O_2 , determine the limiting reagent;

b) determine the number of moles of carbon dioxide produced;

c) determine the mass of produced water;

d) determine the mass left of excess reagent.

4. Which element is in excess when 7.2 grams of Ca is ignited in 9.6 grams of pure oxygen? What mass is in excess? What mass of CaO is formed?

5. How many grams of Li_2S are formed when 14.7 grams of lithium is heated with 22.4 grams of sulfur?

6. Write the balanced net ionic equation for the reaction occurred between

a) Pb^{2+} and SO_4^{2-} ;

b) Pb^{2+} and Cl^- .

Suggest molecular equations.

7. Write the balanced net ionic equation for the reaction occurred between

a) Ag^+ and Cl^- ;

b) Ag^+ and Br^- .

Suggest molecular equations.

8. Write a balanced molecular and net ionic equations between silver nitrate AgNO_3 and sodium phosphate Na_3PO_4 solutions.

9. Answer the question below for each of these pairs of solutions.

I. NaCl and AgNO_3 solutions

II. NaI and AgNO_3 solutions

III. MgCl_2 and NaOH solutions

IV. BaCl_2 and H_2SO_4 solutions

V. NaCl and KI solutions





a. Write the equations for the reactions that take place between the given pairs. If you think that the pairs do not give a reaction, give your reasoning.

b. Write the net ionic equations for the reactions you wrote in question a.

10. Given two ionic solutions: sulfate and chloride of sodium. What is the scheme for identifying of each salt? Draw an identification scheme.

11. In three different test tubes, there are the solutions of potassium chloride, potassium iodide and potassium sulfide solutions. How can you identify them by using only one reagent?

12. In which of the following does a reaction not occur? (Use the solubility table)



13. How would you test a sample for presence of calcium ions?

14. How would you test a sample for presence of phosphate and chloride ions?

CHAPTER 3: THE RATE OF CHEMICAL REACTION

3.1 THE RATE OF REACTIONS. FACTORS AFFECTING THE RATE OF REACTION

Why some types of milk sour in a week and some of them do not sour for a month?

You will:

- реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру;
- реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру.

Реакция жылдамдығы

Сендер физика курсынан кез келген дененің жылдамдығы (мысалы, автомобиль) дененің қандай да бір уақытта (Δt) жүріп өткен жолының (Δd) қатынасына тең екенін білесіңдер. Дененің жылдамдығы $v = \Delta d / \Delta t$ теңдеуімен анықталады. Ал, химияда реакция жылдамдығы заттың мөлшерінің Δx (концентрациясы, массасы, көлемі, зат мөлшері) уақыт Δt өтуіне қарай өзгерісімен анықталады:

$$r = \frac{\Delta x}{\Delta t}$$

Бұл жерде, x - зат массасы m , көлемі V , моль саны n

Реакция жылдамдығына әсер етуші факторлар

Ғалымдар химиялық реакцияларды зерттегенде реакция жылдамдығына әсер етуші факторларды да көп қарастырған. Негізінен, реакцияға әсер етуші бес фактор анықталған:

- Қатты реагенттердің беттік ауданы

Қатты заттың беттік ауданы неғұрлым үлкен болған сайын, ол соғұрлым реакцияға жылдам түседі.

- Реагенттің концентрациясы

Реагенттің ерітіндідегі концентрациясы жоғары болған сайын, реакция жылдамдығы да жоғары болатыны байқалады.

- Реакция кездегі температура

Реакция жүргенде температура жоғарласа, сәйкесінше реакция жылдамдығы да жоғарлайды.

- Катализатор (өршіткі) қолдану

Реакция баяу жүріп жатқанда катализатор қосса, реакция жылдамдығы көп есеге артады.

- Кейбір реакциялар үшін жарықтың да маңызы зор.

Күнделікті өмірде кейбір процестер жылдам, кейбіреуі өте баяу жүретінін байқаймыз. Мысалы, отшашу жылдам, темірдің таттануы өте баяу жүретін процестерге жатады. Кез келген химиялық реакцияны әрекеттесуге энергиясы жеткілікті атомдар мен молекулалардың соқтығысуы деп қарастыруға болады.



Examples of slow and fast speeds



Corrosion is slow process



Powder has got greater surface area than normal solid substance

Demonstration

№2. The rate of reaction. "Iodine clock" reaction.

Materials:

starch, sodium acetate, potassium iodide, sodium thiosulfate ($\text{Na}_2\text{S}_2\text{O}_3$), acetic acid 30% solution, hydrogen peroxide 20% solution, two 100 ml beakers, stirring rod, analytical balance.

Procedure:

Solution A

1. Dissolve about 0.1 g of starch in 80 ml of hot water, use 100 ml beaker
2. Add 0.41 g of sodium acetate, 5 g of potassium iodide and 0.94 g of sodium thiosulfate. Stir the solution and wait until it cools.
3. Pour water into the beaker to make up to 100 ml.

Solution B

1. To 100 ml beaker solution pour 50 ml of hydrogen peroxide solution
2. Add 30 ml of acetic acid. Pour water into the beaker to make up to 100 ml.

The demonstration

Mix about 20 ml of Solution A and Solution B. Stir the resulting solution. After a while, you will see that solution suddenly turn to dark blue.

NOTE: The time for blue colour to appear can be changed by changing amount of thiosulfate in Solution A.

Laboratory work

№6.1. Реакция жылдамдығына әсер етуші фактор - температура әсері

Тұз қышқылы мырышпен әрекеттескенде сутек газы мен мырыш хлориді түзіледі. Осы экспериментте температураны өзгертсек, реакция жылдамдығы да өзгереді.

Құрал-жабдықтар:

